




ӘЛ-ФАРАБИ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ФИЗИКА ТЕХНОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ



Танымдық процестер психодиагностикасы-индивидуалды жоба

Орындаған: Асқарұлы Абдулғафур

Қабылдаған: Садықова Назира Марғұшқызы

Жоспар

- 1) Танымдық үрдістер
- 2) Түйсік
- 3) Қабылдау
- 4) Зейін
- 5) Ес
- 6) Ойлау
- 7) Сөйлеу
- 8) Қиял
- 9) Қорытынды
- 10) Пайдаланылған әдебиеттер


Психикалық үрдістер

Психикалық үрдістер — жүйеленген және жүйесіз, ұғынылатын және ұғынылмайтын, даралық және әлеуметтік құбылыстардың, үлкен және шағын топтардың мінез-құлықтарының жиынтығы.

Психикалық үрдістер

- Психикалық үрдістердің мына түрлері болады:
- Танымдық
- Эмоцианалды
- Еріктік

Танымдық үрдістің түрлері



*Тән сезіп, көзбен көрмек, бермек. Бесеуінен
мұндағы ой істі сол мұрын исі, тіл дәмнен
хабар алып, жақсы жаман әр тексермек.*

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

*Түйсік пен қабылдау неғұрлым нәзік болған
сайын адамның рухани мәдениетін
сипаттайтын эмоциялық диапазоны кеңейе
бермек.*

(В.А. Сухамлинский)

Түйсік туралы негізгі түсінік

Сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың жеке қасиеттерінің, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелерді *түйсік* деп атайды.

Түйсіктің негізгі заңдылықтары

1. Сезгіштік
2. Адаптация
3. Сенсibiliзация
4. Синестезия
5. Бірізді бейнелер

Сезгіштік

Психологияда адамның түйсіне алу қабілеті
сезгіштік деп атайды

Абсолюттік және айырма

- 1. Абсолюттік сезгіштік дегеніміз-** сезім мүшелерінің өте әлсіз тітіркендіргіштерді түйсіндіре алуы.
- 2. Айырма сезгіштік деп-** сезім мүшелерінің тітіркендіргіштердің арасындағы болмашы айырмашылықты түйсіне алуын атайды.

Адаптация



Сезім мүшелерінің сезніштігі әсер етуші тітіркендіргіштерге біртіндеп бейімделуге байланысты да өзгеріп отырады. Бұл құбылыс **адаптация** деп аталады.

Сенсибилизация



Сенсибилизация-
сезгіштіктің тек
артуын ғана
көрсететін құбылыс
болып табылды.

Синестезия



Синестезия -
тітіркендіргіштер сезім
мүшелерінің біреуінде
ғана түйсік туғызудың
орнына сол сәтте
басқа түйсіктердің
пайда болуына да
жағдай жасайды.

Бірізді бейнелер


Бірізді бейнелер –тітіркендіргіш әсерінің тоқталғандығына қарамай, аз ғана уақыт болсада, түйсіктің қалатын кездерін бірізді бейнелер деп атайды.

(мысалы. Қолымызға екі парақ алып, бірінің бетіне қызыл қағаз жабыстырып ал екіншісін ақ күйінде қалдырып. Содан кейін қызыл меңі бар қағазға 20-30 секунд кө алмай қарап отырып, көзімізді сәл ақ қағазға ауыстырсақ, оның бетінен көгілдір түсті көруге болады.)




Түйсіктің түрлері

1. Көру түйсігі
2. Есту түйсігі
3. Иіс түйсігі
4. Дәм түйсігі
5. Тері түйсігі
6. Қозғалыс түйсігі




Көру түйсігі




Көру түйсіктері біздің көзімізге электромагнит толқындарының әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Көру мүшесі-көз. Көру түйсігі арқылы заттың жарықтылық деңгейін, түсін т.б қасиеттерін көре аламыз.

Есту түйсігі




Есту мүшесін тітіркендіретін ауа бөлшектерінің тербелістері- дыбыс толқындары. Есту мүшесі-кұлақ. Түйсікті туғызатын дыбыстар.

Иіс түйсігі




Мұрын кеңістігінде кілегей қабықтың клеткаларына түрлі химиялық заттардың әсер етуінен иіс түйсіктері пайда болады. Иіс сезу мүшесі-мұрын

Дәм түйсігі



Дәмді айырытын мүше тіліміздегі дәм бүршіктері. Оны тітіркендіретін белгілі дәм бар, суға ерігіш түрлі химиялық заттар. Дәмді тәтті, ащы, тұзшы, қышқыл деп 4 топқа бөледі.


Тері түйсігі



Тері түйсігінің рецепторлары денедеші терінің өн бойында орналасқан. Тері түйсігі бөлініді

1. Тактиль
2. Температура
3. Ауырғады білетін

Қозғалыс түйсігі



Қозғалыс түйсіктері дененің жеке мүшелерінің бір күйдегі қалпын, Қозғалысын білдіреді. Оның рецепторлары болып ет, тарамыс, сіңірлерді жүйкелерінің ұштары.

Қабылдау турылы негізгі түсінік


Қабылдау-заттар мен құбылыстарды мида тұтастай бейнелеу болып табылады. Сөйтіп қабылдау-түйсіктегідей бір анализаторлардың ғана емес, бірнеше анализаторлардың бірлесіп қызмет істеу нәтижесі.

Қабылдау- ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі.

Қабылдаудың негізгі қасиеттері

1. Тұтастылығы
2. Мағыналылығы
3. Таңдамалылығы
4. Тұрақтылығы
5. Иллюзия
6. Апперцепция

Тұтастылығы



Қабылдаудың объектісі кейбір жеке қасиеттерден, жеке бөліктерден тұрғанымен, біз оларды бүтіндей, тұтастай қабылдаймыз. кейбір объектілердің жеке бөліктері, шет жағасы ғана қабылданса да біз Бұлардың тұтас формасын қабылдаймыз.

Мағыналығы

Бұл ерекшелікте қабылдаудың түйсіктерден негізгі айырмашылығы жақсы көрінеді. Ол объектілердің мазмұнын жақсылап түсінбейінше, белгілі тұжырымдар мен сөз арқылы айтылмайынша, ол толық қабылданбайды.

Таңдамалылығы




Толып жатырған
объектілердің ішінен
біреуін іріктеуіміз
қабылдаудың
таңдамалылығы
делінеді.

Тұрақтылығы




Қабылдау
тұрақтылығы деп
сыртқы орта
жағдайының
өзгеруіне қарамастан,
кейбір қасиеттерінің
бір қалыпты болып
қала беруін атаймыз.

Иллюзия



Әрқашан да қабылданатын затқа, не құбылысқа абылдау сәйкес келе бермейді. Түрлі себептермен шындықты бұрмалап теріс қабылдайтын кездерде болады.

Апперцепция



Қабылдау адамның жалпы психикалық тұрмысы мен өткен тәжірибесінің мазмұнына байланыстылығын **апперцепция** дейді.

Зейін туралы ұғым

- **Зейін** деп өзекті, тұлғалық маңызды белгілерді таңдау, бөліп алуды айтамыз. Психикалық деңгейлердің барлығын ұйымдастыруға қатысқандықтан ес сияқты зейін “өтпелі” деп аталынып басты психикалық процестерге жатады.



Зейіннің түрлері

Ырықты зейін деп – адамның белгілі мақсатпен сапалы түрде күш жігер жұмсап, керекті объектіге назар аударуын айтамыз. Ырықты зейін тек адамға ғана тән. Зейінді ырықты түрде ұстауға, жұмыс орнының жағдайы, жеке адамның психологиялық күйі әсер етеді.

Ырықсыз зейін деп – адам мақсат қоймай-ақ әсер еткен құбылыстарға назар аударуын айтамыз. Ырықсыз зейіннің пайда болуына объективті және субъективті факторлар әсер етеді.

Үйреншікті зейін деп – басында ырықты болып, кейін әркімге табиғи сіңісіп кеткен іс-әрекетке зейіннің аударылуы.

Зейіннің қасиеттері психологиялық феномен ретінде:

Тұрақтылық – бір объектіге немесе бір мәселеге зейін аударылуының ұзақтығы. Тұрақтылық шеткі факторлармен анықталады, 2-3 секундтан ары бармайды, себебі одан кейін зейіннің ауысуы байқалады. Орталық зейіннің тұрақтылық кезеңі бірнеше минуттарды қамтиды. С.Л.Рубинштейннің пікірінше, орталық зейіннің ұзақтығы, сол объектте жаңа мазмұнды аша алу мүмкіндігіне тәуелді;

- **зейіннің концентрациясы** – зейін аймағын шектеу кезіндегі белгінің жоғарғы белсенділігі. А.А. Ухтомскийдің доминанттар принципіне сәйкес, зейін концентрациясы бас ми қыртысындағы доминантты аймақтың қозуынан кейінгі бір мезгілде тежелген қалған бөлігінде құбылысы;
- **зейіннің бөлінуі** – адам орталық зейінде әр түрлі объектілерді бір уақытта ұстап тұру қабілеттілігі;

- **зейіннің ауысуы** - ол бір әрекет түрімен келесіге өтудегі жылдамдығы (аңғалақтық – ауысудың төмендігі);
- **зейіннің заттылығы** - қойылған мәселеге, белгілердің өзектілігі және тағы басқаларына сәйкес арнайы белгілер кешенін бөліп алу қабілеттілігімен байланысты;
- **зейіннің көлемі** – бір мезгілде қабылданатын объектілер саны.

ЕС – бұл өткен тәжірибемізден қалған іздерді жадымызда қалдырып, сақтап, кейін бұрын білгендерімізді жойып алмастан, оларды қайта танып, жаңғыртатын психикалық функция.

ЕС процестері



Естің теориялары:



1. **Ассоциативтік теория.** Дүние заттары мен құбылыстарының есте орнығуы мен қайта жаңғыруы бірінен бірі бөлектенген күйде емес, өзара байланысты “топталған не тізбектелген” қалыпта жүреді. Осы

процеске тәуелді мида есте қалдыру мен қайта жаңғыртудың физиологиялық негізі – уақытша жүйке байланыстары түзіледі.

2. **Нейрондық теория.** Есте қалдыру мидың электрлік белсенділігімен , яғни мидағы химиялық не құрылымдық белсенділік қандай да бір жолмен ағзадағы электр қуатын арттырады. Бұл үшін қолайлы ес іздерін іске қосатын жүйке тізбегі болуы шарт.



Қысқа және ұзақ мерзімді естің ерекшеліктері мен байланыстары

Қысқа және ұзақ мерзімді ес бір-бірімен байланысты және бірыңғай жүйемен жұмыс жасайды. Бұның өзара байланысу қабілетін зерттеген америкалық ғалымдар Р.Аткинсон және Р. Шифрин



Ес – бұл мидың маңызды процестерінің бірі. Ес бізге әр кезде, яғни оқуда да, жұмыста да, күнделікті өмірде де қажет. Өкінішке орай, ес уақыт өте нашарлайды. Бұған себеп адамның жасының ұлғаюы, стресстік жағдайлар және т.б. Сіздерге есті жақсартудың бірнеше жолын ұсынамыз:

- Естің қалыпты жұмыс істеуі үшін организмге А, С, Е, К және В тобы дәрумендерінің саны жеткілікті болуы




қажет. Олардың әрқайсысы мидың жақсы жұмыс істеуі үшін жағдай жасайды; тез шаршаудың алдын алады, жылдам сақтауды қамтамасыз етеді, жинақы жауап беруге көмектеседі. Сонымен қатар мидың жақсы жұмыс жасауы үшін темірдің, фолий қышқылының, жартылай қанық май қышқылының жеткілікті болуы маңызды. Сондықтан тұтынатын тағамның құрамында ет, сиырдың бауыры, картоп, нан, сүт, банан, йогурт, құмық, алма, балық, жаңа көкөністер мен жемістер, грек жаңғағы болуы қажет;

- Есте сақтауды дамытуға өлең шумақтарын, телефон нөмірлерді жаттау да өте пайдалы;



Ес – ең күрделі психикалық әрекеттердің бірі.



Егер адамда ес болмаса, дүниедегі барлық заттар мен болмыстар бізге әрқашанда жаңа, өткен тәжірибемізде болмаған, оларды еш уақытта көрмеген, естімеген, қабылдамаған, сезбеген құбылыс болып табылар еді. Мұнсыз ол өмір бойы жиналған рухани байлық пен мұраны меңгере алмай, ғылымның, тарихтың, өнердің, барлық мәдениет атаулының ешбір өсіп-даму прогресі болмас еді.

Есте сақтау түрелрінің 3 негізгі түрі



**Көріп есте сақтау
қабілеті**



**Сезу арқылы есте
сақтау қабілеті**

**Тыңдау есте
сақтау қабілеті**



Ойлау дегеніміз -сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызды жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.

Ойлау – бұл ерекше дәл,терең толық жалпы және жанама түрді шындықты бейнелеуге негізінен біздің түйсінуіміз бен қабылдауымызға мүмкін болмайтын заттар мен құбылыстардың арасындағы мәнді байланыстар мен қатынастарды бейнелеуге бағытталған сананың қызметі.

Ойлау-дербес процесс. Ойлауды психологиялық тұрғыдан зерттеу дегеніміз-оның ішкі ,танымдық құпия мәнін және жемісті болуының себебін ашып көрсету, яғни психология детерменизм принципіне сүйене отырып, ойлаудың мәнін зерттейді,әрбір адамның өзіндік ойлау ерекшеліктерін дамытып отыруға баса мән береді.

Ойлау жөніндегі теориялар

Ойлау - психикалық іс-
әрекеттің ерекше түрі деп
психологияда алғашқы жария
еткен Вюрцбургтық ғылыми
мектеп болды. Бұл бағытта өз
тұжырымдарын
экспериментальды дәлелдеуге
ұмтылған XX ғасырдың
басындағы неміс психологтары
болды.



ДУМАЙ
ПОЗИТИВНО!

Ойлаудың негізгі үш түрі кездеседі : ұғым, пікір, ой қорытындысы.

Ұғым – бұл заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды қасиеттерін бейнелейтін ойлаудың түрі. Ұғым бір-бірімен байланысты зат туралы түсініктерден –оның қасиеттері,жағдайлары, байланыстарыжәне қатынастарынан тұрады. Әрбір зат,әртүрлі көптеген қасиеттерді,белгілерді иеленеді. Түсініктердің жиынтығы ұғымды ашып көрсетеді және осы ұғымның мазмұнын құрайды.неғұрлым заттың маңызды белгілері осы түсініктерде байқалса, соғұрлым мазмұны жағынан ұғым терең болады. Екі түрлі ұғымның түрі кездеседі: заттық немесе нақтылы және дерексіз.

Заттың нақтылы ұғымы дегеніміз- заттарға тұтас түрде қарау.
Мысалы: адам,өсімдік,жануар т.б.

Дерексіз немесе абстрактылы ұғым дегеніміз-ұғымдардың заттар мен құбылыстарға тұтас түрде қарамай, тек жеке қасиеттерге,сапаларға және жағдайларға қатысты. Мысалы: адамгершілік туралы ұғым, ақша туралы ұғым т.б.

Ой қорытындысы- бұл тарихи қалыптасқан ойлаудың логикалық түрі, ол арқылы бір немесе бірнеше белгілі пікірлерден жаңа пікір туады. Ой қорытындысы үшке бөлінеді: индукция, дедукция және ұқсастық (аналогия)

Индукция дегеніміз- бірнеше жалқы немесе жеке пікірлерден бір жалпы пікір жасау.

Дедукция- бұл жалпы пікірлерден, деректерден жеке пікірлерге, деректерге көшудің жалпы заңдылықтар мен ережелерді білу негізінде жекелеген деректер мен құбылыстарды пайымдаудың тәсілі.

Аналогия-ұқсастық бойынша ой қорытындыларын жасау



Ойлаудың дара ерекшеліктері

Ойдың мазмұндылығы- заттар мен құбылыстар, шындықтың салалары туралы сананың пікірлер мен және ұғымдармен жеткілікті болу дәрежесін айтамыз. Адамда неғұрлым ой көп болса және неғұрлым әртүрлі болса, соғұрлым оның ойлауы мазмұнды және бай келеді. Бірақ ойлаудың мазмұндылығы тек бар ойлаудың сапалық жағымен ғана сипатталып қоймақты, сонымен қатар осы ойлауда бейнеленеді. Сондықтан да ойдың мазмұндылығына тек байлығы емес, сонымен қатар оның тереңдігі жатады.

Ойлаудың тереңдігі- ойлауда ерекше маңызды қасиеттер мен салалар, ерекше маңызды байланыстар мен қатынастар бейнеленеді. Ойлаудың мазмұндылығы байлығы, ал тереңдігі адамның іс-әрекетімен, оның білімімен тәжірибесімен, қиялының даму дәрежесімен айқындалады.

Ойлаудың дербестігі- адамның өзіне жаңа міндеттерді қоя білуі, басқа адамдарың көмегінсіз бұл міндеттерді өзінің айрықша әдістерімен шеше білуі. Ойлаудың дербестігі ойдың белсенділігіне, икемділігіне, жеке сын тұрғысынан қарауында.

Ойдың белсенділігі- өзінің жаңа сұрақтары мен міндеттерін қоя білуінде және іздену мен міндеттерді шешу үшін жолдар мен тәсілдерді табуға талпынуында аңғарылады.

Ойдың икемділігі- міндеттерді шешуде алынған біржақты ескірген тәсілдерден еркін болу ептілігінде, міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін тез ұйымдастыру немесе таңдауында байқалады.

Сын тұрғысынан ойлау- ақиқат және жалға ретінде басқаның немесе өзінің ойларын тексеру мен бағалау қабілеттілігінде аңғарылады. Сын тұрғысынан ойлауды айтылған ойлардың практикалық өмірлік құндылығын тексеру ептілігінде аңғарамыз. Сыни ойлау- бұл өзінің және басқаның ойларына өте қатаң қарау.

Ойдың ұшқырлығы- қойылған сұраққа түпкілікті жауаптың қаншалықты уақыттың ішінде алынғандығымен анықталады. Яғни, бұл уақыт қарапайым ойлау үрдісінде біршама қысқа болады, ал күрделі ойлау үрдістерінде ұзақтау болады. Кейбір адамдарда күрделі ой тәсілдері өте тез іске асады. Бұл адамдар тапқыр , ойдың ұшқырлығымен ерекшеленеді.

Сөйлеу



Сөйлеу - адамның тілдік амалдар арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу анатомиялық мүшелердің қатысуымен іске асқанымен, негізінен, адамның психикалық қабілетіне, қоғамдағы пікір алмасу тәжірибесіне сүйенеді. **Сөйлеу процесі** айтылатын пікірдің мазмұнына, пікір айтудың жағдайына сай түрліше құрылады.

Сөйлеудің түрлері

1. Ішкі сөйлеу
2. Сыртқы сөйлеу
3. Жазбаша
4. Ауызша
5. Монолог
6. Диалог

Ішкі сөйлеу



- Ауызша да, әсіресе жазба сөздің дайындығы сөйлеудің іштей, адамның өзінен-өзі, күбірлеп айтып шығуы.

Сыртқы сөйлеу



- ▶ **Сыртқы сөйлеу** ауызша және жазбаша болады. Жазбаша сөйлеуде тілдік қатынас мәтін арқылы жанама болады. Жазба сөйлеудің, ауызшаға қарағанда, мазмұны жинақты келеді. Сөйлеудің жазба түрі жазба белгілер (таңбалар) негізінде орындалады. Қазіргі кездегі көп тілдердің дыбыстары әріптермен өрнектеледі.

- **Жазбаша** - естумен қабылданатын тілдік дыбыстардың, көрумен танылатын әріптер мен адамның тілдік әрекеттерінің күрделі байланысынан құралатын процесс.
- Ауызша – біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөз (сөйлеу). Ауызша сөйлеуде кеңістік және уақытқа байланысты біраз шектеулер болады. Әдетте, әңгімелесушілер бірін бірі көріп тұрады немесе дауыс жететіндей алшақтықта болуы мүмкін. Осы жағдайларға орай сөйлеудің сипаты өзгеріске түседі.
- **Ауызша сөйлеу** - диалогтық және монологтық түрде болады.



● **Монологтық сөйлеу** ұзаққа созылады, ортаға қыстырма сөздер қосылмайды, алдын ала көп дайындықты талап етеді. Әдетте бұл кең көлемді, күні бұрын ой желісіне салынып, қорытылған баян (мысалы, баяндама, шығып сөйлеулер, дәрісбаяндар (лекция) ж.т.б.).



- **Диалогтық сөйлеу** әңгімелесушілердің өзара қысқа сөз алысуы, түзілетін сөйлемнің құрылымы толық болмауымен ерекшеленеді.

Қиял



Қиял – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс. Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады.



Пассивтік қиял

- Қиялдық бүтіндей пассивтік түрінің шегі - түс көру. Түс көрудің физиологиялығын жан-жақты түсіндіріп берген И. П. Павлов болды. Ұйқы кезінде ми клеткаларының бәрі тежелмейді, кейбір бөлімдері қозу жағдайында болып жұмыс істей береді. Мидың мұндай бөліктерін «күзетші пункт» деп атайды. Осы «күзетші пункттердең біздің бұрын қабылдаған, көрген, естіген, қолға ұстап, дәмін татқан заттарымыздың бейнелері мида қайтадан «тіріледі». Түсте небір ақылға сыйымсыз образдардың жасалатыны белгілі. Өйткені бұл кезде мидағы сигнал жүйелерінің арасындағы байланыс әлсірейді, мұнда негізінен бірінші сигнал жүйесі ғана қызмет істейді. Екінші сигнал жүйесінің қызметі толық тежелуге ұшырайтындықтан, адамның ойлау қабілеті өте төмен болады. Сөздік сигналдардың әсер етпеуі мида кездейсоқ образдардың пайда болуына жағдай жасайды да, соның нәтижесінде түске қайдағы «кереметтер» кіреді. И. М. Сеченов осындай түстерді «болған әсерлердің болып көрмеген қиысулары» деп сипаттаған. Түсте реалдық образдар мен нәрселердің фантастикалық түрде қосылуынан ғажайып образдар жасалады.

АКТИВ ҚИЯЛ

- Актив қиялдың ерекше бір түрі — арман. Арман дегеніміз өз қалауымызша жаңа образдар жасау. Мұның творчестволық қиялдан ерекшелігі мынада: арман өзіміздің тілеген келешекке бағытталған қиял процесі. Арман творчестволық әрекетпен тікелей байланысты емес, ол творчестволық қиялдың бірінші дайындық сатысы. Арманды бағалауда оның әрекетке қандай қатынасы бар екендігі қатты ескерілуі қажет.

Орыстың белгілі демократ, публицисі Д. И. Писарев (1840-1868) шындық пен оптимизмге толы арман туралы көп толғанған адам, оның «арманның іске талпындыратын пайдасы» туралы пікірі жастар үшін ерекше маңызды. Өйткені адам әрекет етудің орнына бос қиялға сүңгісе, бұл келешектің қиялы болмай, бос лағу, құрғақ қиял болар еді.

Әрбір адамға алдындағы жарқын болашағына байланысты армандай білу қажет. Мақсатқа сай дұрыс армандай алу адамға зор қуат беріп, іске талпындырады. Сондықтан да халық: «Арманы жоқ жігітің дәрмені жоқ» деп өте тауып айтқан.

Қиядың жасалу жолдары

АГГЛЮТИНАЦИЯ

- Қиялдағы елестердің топтастырудың қарапайым түрі. Заттардың белгілі бір белгілері мен қасиеттерін бөлшектеп алып соларды біріктіруден тұрады, қазақша “желімдеу” деген мағынаны білдіреді.




Гиперболизация

- Адамның жеке қасиеттерінің, қандайда бір заттардың жеке сипаттары, белгілері үлкейтіліп көрсетілуін айтады. Қазақша “күшейту” деген мағынаны білдіреді.



Схематизация

- Объектіні толықтай қабылдау барысында сондай маңызды емес детальдар мен бөліктерді ұмыту және ұқсастықтарын айқындау



● Акцентировка

- образдың неғұрлым мәнді белгілерін айқындап көрсету



Көркем

**әдебиетте
рді
оқыту**

**Сурет
бойынша
әңгіме
кұрату**

**Табиғатқа
экскурсияға
шығару**



**Қиял –
ғажайып
ертегілер
оқыту**

Бала қиялын дамыту

**Музыка
тыңдату**

**Сурет
салдыру**

**Ауызша мәтін
кұрату,
жазбаша
шығарма
жаздыру**

Қорытынды

- Ақыл парасат, сана – сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі — өзін қоршаған ортаны танып – білуге деген ерекше ұмтылыс. Адам айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үнілді, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым – қатынасын белгілейді.
- Басқаша айтқанда, таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білім кеңейіп, тереңдей түседі; адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәлімет ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. Ендеше, танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады.
- Біз бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстардың образына сүйене отырып, еш уақытта көрмеген нәрселерді де санамызда бейнелей аламыз. Бұл қиял процесінің жемісі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С.Бап-бала “Жалпы психология”
2. Жарықбаев Қ. “Психология негіздері” Алматы, 2012.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.
- 4.Қазақ энциклопедиясы - 7 том
5. Жарықбаев А. «Жалпы психология», А. 2014

**Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**

